

Кәсіподақтың Орталық Комитеті, Атқару Комитеті қаулыларын және өздерінің шешімдерін бақылау және орындау жөніндегі Солтүстік Қазақстан облыстық кәсіподақ ұйымының жұмыс жағдайы туралы АҚПАРАТ

Солтүстік Қазақстан облысы оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымы (бұдан әрі – Облыстық ұйым) қызметінің негізгі міндеттері мен басым бағыттарының бірі XIV Съезде қабылданған Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлерінің салалық кәсіподағы қызметінің 2019-2024 жж. арналған бағдарламасын іске асыру болып табылады.

2021-2024 жылдар аралығында Облыстық ұйымда Кәсіподақ комитетінің 7 отырысы, Атқару Комитетінің **13** отырысы өткізіліп, онда Облыстық ұйым мен филиалдар қызметінің негізгі бағыттары бойынша **127**-ден астам қаулы қаралып, қабылданды.

Статистикалық ақпарат Орталық Комитеттің аппаратына уақтылы ұсынылып, ұйымдық құрылымды нығайту, мүшелік базаны кеңейту жұмыстары жүргізілуде. **Атқару Комитеттерінің кәсіподақ мүшелігі мен кәсіподақ органдары туралы статистикалық есеп беру қорытындылары туралы қаулысы**, сондай-ақ кәсіподақты ұйымдастырушылық тұрғыдан нығайту тұрақты бақылауда.

Облыстық ұйым 560 бастауыш кәсіподақ ұйымын, 14 аудандық және қалалық комитеттерді, 1 Қозыбаев университетін біріктіреді.

Мәселен, 2024 жылғы 1 қаңтардағы облыстағы білім саласы қызметкерлерінің саны **29 692** адамды құраса, оның **25 594**-і кәсіподақ мүшелері болып табылады. Бұл **86,2%**, 2023 жылдың басымен салыстырғанда 292-ге аз. Жұмыс жасайтын кәсіподақ мүшелерінің саны **25 411** адамды құрайды.

Жыл сайын оқу орындарының саны азаюда, демек, облыстық білім беру жүйесінде жұмыс істейтіндер саны да төмендеп келеді.

2019 жылдан бері 30 білім беру мекемесі жабылып, қайта құрылды, осы себепті 369 кәсіподақ мүшесі шығып кетті. Бірақ, жалпы алғанда, мүшелік пайызы өзгеріссіз қалды, атап айтқанда 86,2%.

Кәсіподақ мүшелері деңгейінің төмендеуі білім беру ұйымдарының жабылуы мен қайта құрылуымен, қызметкерлер санының қысқаруымен, тұрғылықты жерінің өзгеруімен (облыстан тыс жерлерге шығу) байланысты. Жалпы, өңірде халықтың көші-қоны өзекті болып қала береді. Жыл сайын республика ішінде және ТМД елдеріне халықтың кетуі байқалады.

Сала қызметкерлерін кәсіподақ құрамына тарту жұмыстарының нәтижесінде соңғы жылдары 325 адамды құрайтын 13 бастауыш кәсіподақ ұйымы құрылды. Кәсіподақ мүшелігіне қабылданғандардың жалпы саны – **4 362** адам.

Мысалы, «Ұжымдық шарт жаса» жалпы республикалық акциясын өткізу барысында 2022 жылы 5 жаңа бастауыш кәсіподақ ұйымы (177 кәсіподақ мүшесі) құрылды.

Орталық Комитеттің **кәсіподақ оқуының тиімділігін** арттыру туралы тапсырмаларын **орындау мәселелері** Облыстық кәсіподақ ұйымының тұрақты бақылауында. (25.02.2021 ж. №3 Кеңес).

Облыстық ұйым жыл сайын әр күнтізбелік жылдың басында Атқару Комитетінің қаулысымен бекітілген жалпыға бірдей құқықтық оқыту жоспарына сәйкес іс-шараларды орындайды. Тоқсан сайын қабылданған және келіп түскен құқықтық актілерге мониторинг жүргізіледі, оның қорытындысы бойынша жоспарланғаннан бөлек оқыту семинарлары өткізіледі. Семинарлардың барлық тақырыптары кәсіподақ белсенділерінің біліктілік деңгейін арттыруға, Еңбек және қоғамдық қатынастардың құқықтық, экономикалық және әлеуметтік мәселелері бойынша қажетті білім алуға бағытталған.

Негізгі аудитория филиалдардың төрағалары, БҚҰ төрағалары, кәсіподақ комитеттерінің мүшелері, келісу комиссияларының мүшелері және т.б. болып табылады.

2019-2024 жылдар аралығында 35 472-ден астам кәсіподақ көшбасшылары мен кәсіподақ мүшелері оқудан өтті. 2021-2024 жылдар аралығында 26 860 адам оқудан өтті. (2021 ж. – 8 071 адам, 2022 ж. – 9 398 адам, 2023 ж. - 9 391 адам).

2021-2023 жылдар аралығында қызметтің түрлі бағыттары бойынша 22 оқыту семинары өткізілді. Құқықтық жалпыға бірдей оқыту жоспарына сәйкес 11 000-нан астам тыңдаушыны қамти отырып, ұжымдармен бір жарым мыңнан астам кездесу өткізілді.

Сонымен қатар, **Facebook, Telegram** әлеуметтік желілерінде Облыстық ұйымның құқықтық қызметінің байланыс деректері бар.

Құқықтық білімді насихаттау бойынша ақпараттық жұмысты күшейту мақсатында whatsapp платформасында «Әдістемелік жинақ» тобы құрылды, оған 16 қатысушы (облыстық комитет аппаратының заңгері, аудандық және қалалық филиалдардың төрағалары және СҚУ төрағасы) кіреді. Төрағалар өз кезегінде кәсіподақ топтарына күн сайын түрлі сипаттағы құжаттар және ақпараттармен қамтылған ақпаратты жібереді: ақы төлеу, педагогтерді аттестаттау, саладағы жаңашылдық, құжаттардың макеттері.

Әлеуметтік әріптестік туралы Келісім тараптарының бірлескен жұмысы өңірдің білім беру ұйымдарындағы еңбек және әлеуметтік-экономикалық қатынастардың көптеген мәселелерін шешуге ықпал етеді.

Келіссөздер арқылы тараптар білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне, оның ішінде қоғамдық негізде жұмыс істейтін кәсіподақ комитеттерінің өкілдеріне әлеуметтік кепілдіктер мен жеңілдіктерді кеңейту туралы шешім қабылдады.

Облыстық комитет, аудандық комитеттер «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңын іске асыру мәселелері бойынша әлеуметтік сауалнаманың қорытындылары туралы» 22.06.2021 ж. (№ 13, 4-т.) Атқару Комитетінің тапсырмасын орындау үшін жергілікті жерлерде педагогтерге еңбек жағдайларын, кепілдіктер мен жеңілдіктер жасау бөлігінде «Педагог мәртебесі

туралы» ҚР Заңының ережелерін орындауға, жұмыс берушілер мен мемлекеттік билік органдарының заң талаптарын орындауына тұрақты мониторингті қамтамасыз етті. Облыстық кәсіподақ комитеті нормативтік-құқықтық актілер мен «Педагог мәртебесі туралы» Заңға сүйене отырып, 2021-2024 жылдар аралығында жұмыс берушінің есебінен облыстың барлық білім беру мекемелерінде медициналық тексеруден өту мәселесін түпкілікті шешті.

Облыстың барлық аудандарында педагогтер үшін коммуналдық қызметтердің өтемақысы туралы мәселе әзірге 2 АЕК мөлшерінде ғана шешілді. Облыстық әкімдік жанындағы облыстық ұштараптық комиссиясының отырысында коммуналдық қызметтер үшін өтемақы мөлшерін 20 АЕК-ке дейін арттыру туралы мәселе қойылды.

Облыстық кәсіподақ комитеті **құқық қорғау қызметін** күшейту бойынша шаралар қабылдауда. Кәсіподақтың мүшелік ұйымдарында еңбек заңнамасының сақталуына қоғамдық бақылау жүргізу туралы нұсқаулыққа сәйкес құқықтық мәселелер жөніндегі Облыстық ұйымның бас маманы Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті жанындағы комиссияның құрамына кіреді. Ол білім беру мекемелері басшыларының бос лауазымдарына орналасуға арналған конкурстық комиссияның құрамында. Сондай-ақ аудандық және қалалық филиалдардың төрағалары облыстық Үйлестіру кеңесінің мүшелері және жергілікті жерлерде үйлестіру кеңестерінің төрағалары болып табылады, сонымен қатар қоғамдық кеңестердің қатысушылары.

2021-2023 ж.ж. жұмыс кезеңінде еңбек заңнамасының орындалуына **қоғамдық бақылау** 399 ұйымда жүзеге асырылды, 323 еңбек заңнамасының бұзылуы анықталды: еңбекақы төлеу бөлігінде – 146, жұмыс уақыты мен демалыс режимі бойынша – 57, еңбек қатынастарын ресімдеу бойынша – 108. Анықталған бұзушылықтарды жою бойынша жұмыс берушілердің өкілдеріне 197 ұсыныс енгізілді.

Есепті кезеңде ауызша және жазбаша сипаттағы өтініштер келіп түсті. Сала бойынша кәсіподақ мүшелеріне барлығы **4 678** заңгерлік кеңес берілді.

Білім беру саласы қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу бойынша түсініктемелер берілді: елде жарияланған ТЖ режимі кезеңінде магистрлерге қосымша ақы төлеу, АӘД оқытушыларының жалақысын есептеу, жұмыс уақытының ұзақтығы мәселелері бойынша: мектепке дейінгі сыныптардың тәрбиешілері, педагог-психологтар, мамандандырылған және арнайы ұйымдардың педагогтары, кір жуғыш машиналар операторларына еңбек демалысының ұзақтығы және кәсіподақ қызметі мәселелері бойынша.

Жоғары тұрған органдардың қаулылары Облыстық ұйым комитетінің отырыстарында міндетті түрде қаралады, осылайша соңғы 3 жылда сұрақтар қаралды:

- Кәсіподақтың XIV съезінің шешімдерін, Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағы қызметінің 2019-2024 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру бойынша кәсіподақ органдары мен ұйымдары қызметінің тиімділігін одан әрі арттыру жөніндегі міндеттер мен шаралар туралы (2021ж.);

- «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңының ережелерін іске асыру, білім және ғылым қызметкерлерін заңнамада көзделген әлеуметтік жеңілдіктермен және кепілдіктермен қамтамасыз ету мәселелері. (2022);

– Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағын дамытудың «Жаңа Қазақстан – Жаңа кәсіподақ» атты тұжырымдамасын іске асыру барысы туралы. (2023).

Жоғары тұрған құрылымдардың ұсынылатын Қаулылары кәсіподақ органдарының барлық құрылымдарына жеткізіледі. Кәсіподақтың басқару органдарының шешімдерінің көп бөлігі белгіленген мерзімде және толық көлемде орындалады.

Сонымен қатар, Облыстық ұйымның жұмысын талдау барысында Кәсіподақтың уәкілетті органының – Орталық Комитеттің және атқарушы органның - Атқару комитетінің кейбір тапсырмалары мен қаулыларының толық көлемде іске асырылмағанын көрсетті. 2022 жылғы «Үздік техникалық инспектор» және 2023 жылғы «Үздік құқықтық инспектор» республикалық конкурстарына қатыспау орын алады.

Атқару Комитетінің 2023 жылғы 24 маусымдағы № 26 «2022 жылы кәсіподақ мүшелерінің салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларына құқықтарын қорғау жөніндегі кәсіподақ жұмысының қорытындылары туралы» және 2022 жылғы 22 ақпандағы еңбек ұжымдарында қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету жөніндегі тапсырманы орындау бойынша:

2021 жылдан 2023 жылға дейінгі кезеңде техникалық инспекторлар қоғамдық бақылау шеңберінде еңбек жағдайлары бойынша 1 993 тексеру жүргізді, оның ішінде өндірістік кеңестердің бастамасы бойынша - 1 482, қызметкерлердің бастамасы бойынша – 31.

2022 жылдың ақпан айында СҚО әкімдігінің мемлекеттік еңбек инспекциясы басқармасының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бөлімінің бас маманы және Петропавл қаласы Төтенше жағдайлар және азаматтық қорғау басқармасының бас маманымен бірлесіп «Еңбек қауіпсіздігі жөніндегі өндірістік кеңестер мен техникалық инспекцияның қызметі» тақырыбында семинар өткізілді.

2022 жылдың қараша айында 77 адам ZOOM платформасында онлайн режимінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлар оқытудан өтті.

2023 жылғы желтоқсанда 820-дан астам адамның (техникалық инспекторлар мен ұйымдардың басшылары) қатысуымен Қауіпсіз еңбек жылы шеңберінде офлайн және онлайн режимінде облыстық оқыту семинары өткізілді.

2021-2023 жылдары еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлар еңбек жағдайлары бойынша 1993 тексеру жүргізді.

Өндірістік жарақаттану кезінде зардап шеккендердің саны – 5 адам, оның ішінде ауыр түрде - 4 адам.

Облыста кәсіподақ мүшелерін сауықтыру мен олардың демалысы оң динамикаға ие. 2021-2023 жылдары 4 953 кәсіподақ мүшесі 208 507,5 мың теңге сомасына сауықтырылды.

Кәсіподақ қызметіндегі мәдени-бұқаралық және спорттық-сауықтыру жұмысы мәдени деңгейді арттыруға және салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған іс-шараларды өткізуді қамтиды.

Облыстық кәсіподақ комитеті жыл сайын спартакиадалар, жазғы кезеңде облыс педагогтары арасында «Ұстаз» спартакиадасы, ал қысқы кезеңде колледждер арасында спартакиадалар өткізеді.

Кәсіподақтың барлық деңгейдегі басшы органдарының отырыстарында **ақпараттық жұмысты одан әрі жетілдіру**, салалық кәсіподақта бірыңғай ақпараттық жүйені құру, заманауи технологияларды енгізу және Салалық кәсіподақ сайты, Facebook, Instagram, Telegram әлеуметтік желілерін белсенді пайдалану жөніндегі шаралар туралы мәселе бірнеше рет қаралды.

Кәсіподақ мүшелерінің әлеуметтік-экономикалық құқықтарын қорғау саласындағы кәсіподақ органдарының қызметін жан-жақты жариялау мақсатында Облыстық кәсіподақ ұйымы сайтта материалдар орналастырады, facebook, Instagram, telegram әлеуметтік желілерінде парақшалар ашылды, «Bilimkasipodagy» мобильді қосымшасы қолданылады, соның арқасында саланың кез келген қызметкері нормативтік-құқықтық актілермен жұмыс істей алады, біздің қызметіміздің барлық мәселелері бойынша кәсіподақ ұйымымен тікелей байланысқа шыға алады.

Сонымен қатар, филиалдар мен жалпы облыстық комитеттің БАҚ беттерінде ақпарат пен материалдар жеткіліксіз орналастырылған.

Атқару Комитетінің **«Кәсіподақтағы цифрландыру туралы» қаулысы** толық көлемде орындалмайды. Автоматтандырылған ақпараттың жүйесіндегі Цифрлық платформа тұрақсыз жұмыс істейді (компьютерде де, мобильді қосымша арқылы да қол жетімсіз болады). Тексеру Кәсіподақ мүшелерін есепке алудың электрондық базасы электрондық базаның нысаны бірнеше рет өзгергендіктен 80% - ға дайын.

2022 жылғы қарашада Облыстық комитеттің аппараты және оның филиалдары іс жүргізу бойынша мүшелік ұйымдар аппараттарының жауапты қызметкерлерімен электрондық құжат айналымы форматы бойынша оқытуға қатысты.

Кәсіподақтың Орталық Комитетінің цифрландыру туралы қаулысына сәйкес Облыстық комитет бухгалтерлік есепті жүргізуді «ІС:Кәсіпорын 8.3» бағдарламалық қамтамасыз етуге көшіруді жүзеге асырды.

Филиал қызметкерлеріне жалақы төлеу банк мекемелеріндегі жалақы жобасына сәйкес банктік төлем карточкалары арқылы қолма-қол ақшасыз жүзеге асырылады.

Материалдық-техникалық жабдықтандыруды нығайту мақсатында бухгалтерия бөлімінде ақшалай қаражатты, мөрді, мөртабанды және басқа да материалдық құндылықтарды сақтауға арналған қорғау дәрежесі бар кеңсе сейфі бар. Бухгалтерлік есеп бойынша құжаттар жабық металл шкафта

сақталады. Есеп бөлімінде принтері бар моноблок бар. Есеп бөлімінің есігі күнделікті мөрдi басып шығу, мөрлеу құрылғысымен кіру құқығымен жабдықталған.

**Солтүстік Қазақстан облыстық
кәсіподақ ұйымының төрағасы**

Б. Аюпов